

Қазақстан Республикасы Экономика Министрлігі жанынан Экономикалық зерттеулер институтын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 9 қаңтар N 32

Реформаларды жүргізу тиімділігіне кешенді талдау жасау, оларды іске асыру салдарларына баға беру, экономикалық өсуді тұрақтандыру стратегиясы мен тактикасын әзірлеу, экономиканың нарықтық қайта құрылуының ғылыми-әдістемелігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің санын қысқарту туралы бұрын қабылданған шешімдерді орындай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика Министрлігінің Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жанынан Экономикалық зерттеулер институтын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институты үшін ғылыми қызметінің төмендегі негізгі бағыттары белгіленсін :

рынокты қалыптастырудың және дамытудың теориялық, әдістемелік және тәжірибелік проблемаларын зерттеу;

ақша-несиелік, бюджеттік, құрылымдық, инвестициялық, сыртқы экономикалық, әлеуметтік және аймақтық саясат проблемаларын зерттеу;

салааралық, аймақаралық және мемлекетаралық әлеуметтік-экономиканың проблемаларын шешу жөніндегі ұсыныстар дайындау;

республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға конъюнктуралық талдау жүргізу;

әлеуметтік-экономикалық дамудың қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу және өндіргіш күштерді орналастыру, халық шаруашылығының макроэкономикалық үйлесімді дамуының стратегиялық бағыттарын ғылыми негіздеу және жетілдіру;

талдау және болжамдау бойынша жұмыстар мен есептеулердің осы заманғы ақпараттық технологиясын қолдана отырып, ұйымдастыру және орындау.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институтының қызметкерлерінің шектеулі штаттық саны 200 адам болып белгіленсін.

4. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржылар, шаруашылық шарттары бойынша жұмыстар орындағаны үшін тапсырыс берушілердің қаржылары, консалтингтік және басқа да ғылыми сипаттағы қызмет көрсетулерді жүзеге асырудан түскен қаржылар,

институттың меншікті қаржылары Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың негізгі көздері болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономика және нарықтық қатынастарын ғылыми-зерттеу институты 1996 жылдың 20 наурызынан бастап таратылсын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институты Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономика және нарықтық қатынастарын ғылыми-зерттеу институтының құқықтық иегері болып саналсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономика және нарықтық қатынастарын ғылыми-зерттеу институтын тарату жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

екі айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институты туралы Ережені әзірлесін және бекітсін;

ведомстволық нормативтік актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

7. 1996 жылдың 20 наурызынан бастап:

"Қазақ КСР-нің Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Экономика және нарықтық қатынастарын ғылыми-зерттеу институтын құру туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 12 маусымдағы N 372 қаулысының;

"Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы есептеу орталығы бар Қазақ ғылыми-техникалық және конъюнктуралық коммерциялық ақпарат ғылыми-зерттеу институтын Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы

Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институты етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 сәуірдегі N 336 қаулысының 3-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 14, 173-бап) күші жойылған деп танылсын.

8. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК